

# «Оңалайық, балақай!» бөбекжай- балабақшасы

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

### ХАТТАМАСЫ №1

Өткізілген күні: 28 тамыз 2024 жыл

Өткізілген орны: «Оңалайық, балақай!» бөбекжай-балабақшасы

#### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамын сайлау және бекіту. Педагог қызметкерлердің сапалық құрамын бекіту.
2. Балабақшаның педагог қызметкерлерін 2024–2025 жаңа оқу жылына арналған перспективалық жоспармен таныстыру. Жылдық жоспарға қойылатын мақсат-міндеттермен таныстыру.
3. Барлық топтардың жас ерекшеліктеріне сәйкес 2024–2025 оқу жылына арналған күн тәртібі мен оқу кестесін бекіту.
4. Барлық тәрбиешілердің 2024–2025 оқу жылына арналған перспективалық жоспарларын бекіту.
5. Пән мұғалімдерінің, музыка жетекшілерінің және педагог-психолог маманның 2024–2025 оқу жылына арналған перспективалық жоспарларын бекіту.
6. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» таныстыру. Слайд көрсету.
7. «Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында баяндама.
8. Тәрбиешілерді топтарға бекіту.
9. Барлық топтардың бала тізімдерін бекіту.
10. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау.

---

### 1-мәселе бойынша

#### Тыңдалды:

Педагогикалық кеңестің жаңа оқу жылына арналған құрамын сайлау және бекіту мәселесі қаралды. Сонымен қатар педагог қызметкерлердің сапалық құрамы таныстырылып, бекітуге ұсынылды.

#### Қаулы:

1. Педагогикалық кеңестің құрамы бекітілсін.
2. Педагог қызметкерлердің сапалық құрамы бекітілсін.

3. Педагогтердің жаңа оқу жылындағы міндеттері мен жауапкершіліктері назарға алынсын.
- 

## 2-мәселе бойынша

### Тыңдалды:

Балабақшаның 2024–2025 оқу жылына арналған перспективалық жоспары таныстырылды. Жылдық жоспардың негізгі мақсаты мен міндеттері түсіндірілді.

### Қаулы:

1. 2024–2025 оқу жылына арналған перспективалық жоспар басшылыққа алынсын.
  2. Жылдық жоспарда белгіленген мақсат-міндеттердің орындалуы қамтамасыз етілсін.
  3. Педагогтер оқу-тәрбие жұмысын бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырсын.
- 

## 3-мәселе бойынша

### Тыңдалды:

Барлық топтардың жас ерекшеліктеріне сәйкес 2024–2025 оқу жылына арналған күн тәртібі мен оқу кестесі қаралды.

### Қаулы:

1. Топтардың жас ерекшеліктеріне сәйкес күн тәртібі бекітілсін.
  2. 2024–2025 оқу жылына арналған оқу кестесі бекітілсін.
  3. Тәрбиешілер мен педагогтер бекітілген күн тәртібі мен оқу кестесін басшылыққа алсын.
- 

## 4-мәселе бойынша

### Тыңдалды:

Тәрбиешілердің 2024–2025 оқу жылына арналған перспективалық жоспарлары қаралып, талқыланды.

### Қаулы:

Барлық тәрбиешілердің 2024–2025 оқу жылына арналған перспективалық жоспарлары бекітілсін.

---

## 5-мәселе бойынша

### Тыңдалды:

Пән мұғалімдерінің, музыка жетекшілерінің және педагог-психолог маманның 2024–2025 оқу жылына арналған перспективалық жоспарлары қаралды.

### Қаулы:

Пән мұғалімдерінің, музыка жетекшілерінің және педагог-психолог маманның 2024–2025 оқу жылына арналған перспективалық жоспарлары бекітілсін.

---

## 6-мәселе бойынша

### Тыңдалды:

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, педагогтерге бағдарламаның негізгі бағыттары таныстырылды. Тақырып бойынша слайд көрсетілді.

### Қаулы:

1. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» басшылыққа алынсын.
  2. Бағдарлама талаптарына сәйкес тәрбие жұмысын жүйелі түрде ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.
- 

## 7-мәселе бойынша

### Тыңдалды:

«Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында баяндама жасалды.

Баяндама барысында мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғауға, табиғи ресурстарды үнемдеуге және табиғатты аялауға тәрбиелеудің маңыздылығы айтылды.

### Қаулы:

1. Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
  2. Тәрбиешілер оқу-тәрбие процесінде экологиялық бағыттағы іс-шараларды ұйымдастырсын.
  3. Балалардың табиғатқа қамқорлықпен қарау дағдыларын қалыптастыруға көңіл бөлінсін.
-



**«Оңалайық, балақай!» бөбекжай-балабақшасы**

## **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС**

### **ХАТТАМАСЫ №2**

**Күні:** 14 қазан 2024 жыл

**Тақырыбы:** Балалардың бейімделуі, бастапқы мониторинг нәтижелері және педагогтердің кәсіби дамуы

#### **Күн тәртібі:**

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Ұлттық біліктілік тестін тапсыратын педагог қызметкерлердің тізімін анықтау.
3. Топтардағы балалардың толықтығы және бейімделу барысы.
4. Қыркүйек айындағы бастапқы мониторинг нәтижелерін талдау.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы брошюраларды тарату.
6. Педагог қызметкерлермен тренинг өткізу.
7. «Ұлттық ойын түрлері» тақырыбында шеберлік сыныбы.
8. Ортаңғы топтардағы балалардың бейімделуі туралы тәрбиешілердің есебі.
9. Ағымдағы мәселелер.
10. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау.

#### **1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы**

Өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы қаралды. Педагогтерге берілген тапсырмалардың орындалуы, оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы және құжаттардың жүргізілуі туралы ақпарат берілді.

**Қаулы:** Өткен педагогикалық кеңестің шешімдері бойынша жұмыстарды одан әрі жалғастыру.

#### **2. Ұлттық біліктілік тестін тапсыратын педагог қызметкерлердің тізімін анықтау**

Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру және аттестаттауға дайындық мақсатында ұлттық біліктілік тестін тапсыратын педагог қызметкерлердің тізімі нақтыланды.

Педагогтерге тестілеуге дайындық жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу, қажетті құжаттарды уақытында рәсімдеу тапсырылды.

**Қаулы:** Ұлттық біліктілік тестін тапсыратын педагогтердің тізімі бекітіліп, дайындық жұмыстары ұйымдастырылсын.

### **3. Топтардағы балалардың толықтығы және бейімделуі**

Топтардағы балалардың саны, жас ерекшеліктеріне сәйкес топтардың толықтығы және жаңадан қабылданған балалардың балабақша жағдайына бейімделу барысы талқыланды.

Балалардың күн тәртібіне, тәрбиешілерге, құрдастарына және балабақша ортасына үйрену деңгейіне назар аударылды.

**Қаулы:** Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бейімделу кезеңінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілсін.

### **4. Қыркүйек айындағы бастапқы мониторинг нәтижелерін талдау**

Қыркүйек айында жүргізілген бастапқы мониторинг нәтижелері қаралды. Балалардың білім, білік, дағдыларының бастапқы деңгейі сараланып, алдағы оқу-тәрбие жұмысының бағыттары белгіленді.

Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес жұмыстарды жоспарлау ұсынылды.

**Қаулы:** Мониторинг нәтижелеріне сүйене отырып, балалармен жеке және топтық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.

### **5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы брошюраларды тарату**

Педагогикалық ұжым арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, адалдық қағидаттарын сақтау және құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы брошюралар таратылды.

**Қаулы:** Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу.

### **6. Педагог қызметкерлермен тренинг**

Педагогтердің кәсіби қарым-қатынасын нығайту, ұжымдық ахуалды жақсарту және эмоционалдық жағымды орта қалыптастыру мақсатында тренинг өткізілді.

Тренинг барысында педагогтердің өзара ынтымақтастығы, бір-бірін қолдауы және кәсіби қарым-қатынасы бойынша түрлі жаттығулар орындалды.

### **7. «Ұлттық ойын түрлері» тақырыбында шеберлік сыныбы**

Педагогтерге қазақ халқының ұлттық ойындарын мектепке дейінгі ұйымдағы оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалану жолдары таныстырылды.

Ұлттық ойындардың балалардың қимыл-қозғалысын, ойлау қабілетін, ептілігін, ұйымшылдығын және ұлттық құндылықтарға қызығушылығын дамытудағы маңызы айтылды.

Педагогтерге ұлттық ойындарды балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ұйымдастырудың практикалық тәсілдері көрсетілді.

**Қаулы:** Ұлттық ойындарды күнделікті оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалану.

## **8. Ортаңғы топтардағы балалардың бейімделуі**

Ортаңғы топ тәрбиешілері балалардың бейімделу барысы туралы есеп берді. Балалардың балабақша режиміне, тәрбиешіге және балалар ортасына бейімделуі бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар таныстырылды.

Бейімделу кезеңінде ата-аналармен тығыз байланыс орнату, балаларға жеке көңіл бөлу және жағымды психологиялық жағдай қалыптастыру қажеттілігі атап өтілді.

**Қаулы:** Ортаңғы топтарда балалардың бейімделуін бақылау және ата-аналармен бірлескен жұмысты жалғастыру.

## **9. Ағымдағы мәселелер**

Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысына қатысты ағымдағы мәселелер қарастырылды. Педагогтер тарапынан ұсыныстар тыңдалып, алдағы кезеңдегі жұмыстар бойынша тиісті тапсырмалар берілді.

## **10. Педагогикалық кеңестің шешімі**

Педагогикалық кеңес отырысында қаралған мәселелер бойынша төмендегідей шешім қабылданды:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы бақылауда ұсталсын.
2. Ұлттық біліктілік тестін тапсыратын педагогтердің дайындық жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
3. Балалардың бейімделу барысы тұрақты бақылауда болсын.
4. Қыркүйек айындағы бастапқы мониторинг нәтижелері алдағы оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлауда ескерілсін.
5. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.
6. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында тренингтер мен шеберлік сыныптары жүйелі ұйымдастырылсын.
7. Ұлттық ойындарды балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу-тәрбие процесінде кеңінен қолдану ұсынылсын.

8. Ортаңғы топтардағы балалардың бейімделу деңгейі тәрбиешілер тарапынан тұрақты бақылауда болсын.
9. Ағымдағы мәселелер бойынша белгіленген тапсырмалардың орындалуы қамтамасыз етілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:  Мынжасарова Г.

Хатшы:  Альжанова А.



# «Оңалайық, балақай!» бөбекжаай-балабақшасы

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

### ХАТТАМАСЫ №3

Күні: 09.12.2024 жыл

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктердің іс-шара жоспарын бекіту.
3. Балалардың әлеуметтік жағдайы туралы есеп.
4. Біліктілікті арттыру курсына баратын педагогтердің тізімін бекіту.
5. «Біртұтас тәрбие» жобасының дұрыс орындалуы туралы.
6. Біліктілік санатын алған педагогтердің тізімін анықтау.
7. Салыстырмалы бақылау нәтижелерін талқылау.
8. «Дамытушы ойындар» тақырыбында. Баяндама.
9. Педагогикалық кеңестің шешімі.

### 1-МӘСЕЛЕ

Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы

Тыңдалды:

Өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы ақпарат берілді. Қабылданған тапсырмалардың орындалуы сараланып, педагогтер тарапынан жүргізілген жұмыстар қарастырылды.

Қаулы:

Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын. Алдағы уақытта белгіленген тапсырмалардың уақытылы әрі сапалы орындалуы қамтамасыз етілсін.

### 2-МӘСЕЛЕ

Жаңа жылдық ертеңгіліктердің іс-шара жоспарын бекіту

Тыңдалды:

Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгіліктерді ұйымдастыру және өткізу жоспары таныстырылды. Мерекелік іс-шаралардың балалардың жас ерекшеліктеріне сай, қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып өткізілуі қарастырылды.

Қаулы:

Жаңа жылдық ертеңгіліктердің іс-шара жоспары бекітілсін.

Жауапты педагогтерге іс-шараларды сапалы ұйымдастыру және қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету тапсырылсын.

### 3-МӘСЕЛЕ

Балалардың әлеуметтік жағдайы туралы есеп

**Тыңдалды:**

Балалардың әлеуметтік жағдайы туралы есеп берілді. Балалардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайлары зерделеніп, ерекше назар аударуды қажет ететін отбасылармен жүргізілетін жұмыстар қарастырылды.

**Қаулы:**

Балалардың әлеуметтік жағдайын бақылау және қажет болған жағдайда ата-аналармен жеке жұмыстар жүргізу жалғастырылсын.

#### **4-МӘСЕЛЕ**

**Біліктілікті арттыру курсына баратын педагогтердің тізімін бекіту**

**Тыңдалды:**

Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында курстарға қатысатын педагогтердің тізімі ұсынылды.

**Қаулы:**

Біліктілікті арттыру курсына баратын педагогтердің тізімі бекітілсін. Педагогтер курстарға белгіленген мерзімде қатысып, алған білімдерін оқу-тәрбие процесінде тиімді қолданысын.

#### **5-МӘСЕЛЕ**

**«Біртұтас тәрбие» жобасының дұрыс орындалуы туралы**

**Тыңдалды:**

«Біртұтас тәрбие» жобасын іске асыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар талқыланды. Тәрбие жұмыстарының мазмұны, балалардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар қарастырылды.

**Қаулы:**

«Біртұтас тәрбие» жобасы бойынша жоспарланған жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын. Педагогтер тәрбие жұмысының сапасына және іс-шаралардың мазмұнды ұйымдастырылуына жауапты болсын.

#### **6-МӘСЕЛЕ**

**Біліктілік санатын алған педагогтердің тізімін анықтау**

**Тыңдалды:**

Педагогтердің біліктілік санатын алу және растау нәтижелері туралы ақпарат берілді. Біліктілік санатына ие болған педагогтердің тізімі қарастырылды.

**Қаулы:**

Біліктілік санатын алған педагогтердің тізімі анықталып, тиісті құжаттарға енгізілсін.

#### **7-МӘСЕЛЕ**

**Салыстырмалы бақылау нәтижелерін талқылау**

Тыңдалды:

Салыстырмалы бақылау нәтижелері талданып, балалардың білім, білік және дағдыларының даму көрсеткіштері қарастырылды. Оқу-тәрбие жұмысының нәтижелері бойынша анықталған мәселелер талқыланды.

Қаулы:

Салыстырмалы бақылау нәтижелері педагогтердің назарына жеткізілсін. Анықталған кемшіліктерді жою және балалардың даму көрсеткіштерін жақсарту бойынша жұмыстар жүргізілсін.

## 8-МӘСЕЛЕ

«Дамытушы ойындар» тақырыбында баяндама

Тыңдалды:

«Дамытушы ойындар» тақырыбында баяндама жасалды. Баяндамада дамытушы ойындардың балалардың ойлау қабілетін, есте сақтауын, зейінін, шығармашылық белсенділігін және коммуникативтік дағдыларын дамытудағы маңызы атап өтілді. Педагогтерге оқу-тәрбие процесінде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы ойындарды тиімді пайдалану жолдары ұсынылды.

Қаулы:

Педагогтер оқу-тәрбие процесінде дамытушы ойындарды жүйелі түрде қолданысын. Ойындарды балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес іріктеу қамтамасыз етілсін.

## 9-МӘСЕЛЕ

Педагогикалық кеңестің шешімі

Педагогикалық кеңесте қаралған мәселелер бойынша төмендегідей шешім қабылданды:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы бақылауда ұсталсын.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктердің іс-шара жоспары бекітілсін.
3. Балалардың әлеуметтік жағдайы бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Біліктілікті арттыру курсына баратын педагогтердің тізімі бекітілсін.
5. «Біртұтас тәрбие» жобасын жүзеге асыру жұмыстары жалғастырылсын.
6. Біліктілік санатын алған педагогтердің тізімі анықталып, құжаттары ретке келтірілсін.
7. Салыстырмалы бақылау нәтижелері бойынша тиісті жұмыстар жүргізілсін.
8. Педагогтер дамытушы ойындарды оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалануды жалғастырсын.
9. Осы педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау педагогикалық кеңес төрайымы Мынжасарова Г.-ға жүктелсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:  Мынжасарова Г.

Хатшы:  Альжанова А.

# «Оңалайық, балақай!» бөбекжай- балабақшасы

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

### ХАТТАМАСЫ №4

Өткізілген күні: 10.02.2025 ж.

Тақырыбы: Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық үдерісті жетілдіру және балалардың дамуына қолайлы жағдай жасау.

#### Күн тәртібі

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Дамытушы ортаны тиімді ұйымдастыру.
3. Тақырыптық бақылау қорытындысы.
4. Жеке даму карталарының толтырылуын бақылау.
5. Іс-әрекетке ену.
6. Балабақшадағы қысқы ойындарды ұйымдастыру.
7. Педагогикалық кеңестің шешімі.

#### Тыңдалды

##### 1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы

Өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы қаралды. Педагогтерге берілген тапсырмалардың орындалуы талданып, анықталған кемшіліктер бойынша тиісті жұмыстар жүргізілгені айтылды.

##### 2. Дамытушы ортаны тиімді ұйымдастыру

Балалардың жас ерекшеліктері мен жеке қажеттіліктерін ескере отырып, топтардағы дамытушы ортаны ұйымдастыру мәселесі қарастырылды. Педагогтерге ойын, шығармашылық, танымдық және қимыл-қозғалыс әрекеттеріне арналған орталарды жүйелі түрде толықтырып, балалардың өз бетінше әрекет етуіне жағдай жасау ұсынылды.

##### 3. Тақырыптық бақылау

Тақырыптық бақылау барысында педагогтердің ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоспарлауы, балалармен жұмыс жүргізу әдістері және білім беру талаптарының орындалуы қарастырылды. Бақылау нәтижелері бойынша педагогтерге әдістемелік ұсыныстар берілді.

##### 4. Жеке даму карталарының толтырылуын бақылау

Балалардың жеке даму карталарының уақытылы әрі талапқа сай толтырылуы қаралды. Педагогтерге балалардың жеке даму көрсеткіштерін жүйелі бақылап, карталарға нақты мәліметтер енгізу қажеттігі ескерілді.

## 5. Іс-әрекетке ену

Педагогтердің балалардың күнделікті іс-әрекетін ұйымдастыру барысы талқыланды. Балалардың белсенділігін арттыру, еркін таңдау жасауына мүмкіндік беру, ойын арқылы оқыту әдістерін тиімді пайдалану жөнінде ұсыныстар айтылды.


## 6. Балабақшадағы қысқы ойындар

Қыс мезгілінде балалардың денсаулығын нығайтуға, қимыл белсенділігін арттыруға бағытталған қысқы ойындарды ұйымдастыру мәселесі қарастырылды. Серуен кезінде балалардың жас ерекшелігіне сәйкес қимылды ойындар ұйымдастыру, қауіпсіздік талаптарын сақтау және ауа райының жағдайын ескеру қажеттігі айтылды.

## Педагогикалық кеңес шешімі

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы тұрақты бақылауда болсын.
2. Топтардағы дамытушы ортаны балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тиімді ұйымдастыру педагогтерге міндеттелсін.
3. Тақырыптық бақылау барысында анықталған ұсыныстар педагогтердің жұмысында ескерілсін.
4. Балалардың жеке даму карталары уақытылы, жүйелі және талапқа сай толтырылсын.
5. Педагогтер балалардың іс-әрекетін ұйымдастыру барысында ойын, шығармашылық және зерттеу әдістерін тиімді қолдансын.
6. Қысқы ойындар балалардың жас ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып ұйымдастырылсын.
7. Осы шешімдердің орындалуын бақылау педагогикалық кеңес төрайымы Мынжасрова Г.-ға жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:  Мынжасрова Г.

Хатшы:  Альжанова А.

# «Оңалайық ,балақай!» бөбекжай-балабақшасы

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

### ХАТТАМАСЫ №5

Күні: 19.05.2025 ж.

Өткізілген орны: «Оңалайық ,балақай!» бөбекжай-балабақшасы

Қатысқандар: 12 педагог

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Қорытынды мониторинг нәтижелері.
3. Балалардың мектепке дайындығы.
4. Жазғы оқу кестесі мен күн тәртібін бекіту және таныстыру.
5. Жазғы сауықтыру жоспарын түзу.
6. Тәрбиешілердің жылдық есептерін тыңдау.
7. Әдіскердің жылдық есебін тыңдау.
8. Педагогикалық кеңестің шешімі.

### 1-мәселе. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы

Тыңдалды:

Әдіскер өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат берді. Белгіленген міндеттер бойынша педагогтер тарапынан жұмыстар жүргізілгені атап өтілді. Оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылды.

Сөйлегендер: \_\_\_\_\_

Қаулы:

Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын. Алдағы уақытта белгіленген міндеттердің орындалуы жалғастырылсын.

### 2-мәселе. Қорытынды мониторинг нәтижелері

Тыңдалды:

Әдіскер оқу жылының қорытынды мониторинг нәтижелерімен таныстырды. Мониторинг барысында балалардың білім, білік, дағдыларының бастапқы және қорытынды көрсеткіштері салыстырылып, оқу жылындағы даму динамикасы анықталды.

Қаулы:

Қорытынды мониторинг нәтижелері назарға алынсын. Білім беру сапасын арттыру мақсатында анықталған көрсеткіштер бойынша алдағы оқу жылында жүйелі жұмыстар жүргізілсін.

### 3-мәселе. Балалардың мектепке дайындығы

**Тындалды:**

Мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері балалардың мектепке дайындығы туралы есеп берді. Балалардың оқу әрекетіне, қарым-қатынас жасауға, қарапайым математикалық түсініктерге, сауат ашу негіздеріне және әлеуметтік-эмоциялық дағдыларға дайындығы сараланды.

**Қаулы:**

Мектепке баратын балалардың дайындық деңгейі ескерілсін. Ата-аналарға балалардың мектепке психологиялық және әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету бойынша ұсыныстар берілсін.

#### **4-мәселе. Жазғы оқу кестесі мен күн тәртібін бекіту және таныстыру**

**Тындалды:**

Әдіскер жазғы кезеңге арналған оқу кестесі мен күн тәртібін таныстырды. Жазғы кезеңде балалардың жас ерекшеліктері, күн райы және қауіпсіздік талаптары ескеріліп, сауықтыру, шынықтыру, ойын және танымдық іс-шараларды ұйымдастыру қажеттілігі айтылды.

**Қаулы:**

Жазғы оқу кестесі мен күн тәртібі бекітілсін. Педагогтер бекітілген күн тәртібін сақтай отырып, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз етсін.

#### **5-мәселе. Жазғы сауықтыру жоспарын түзу**

**Тындалды:**

Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жоспар қаралды. Жоспарға шынықтыру шаралары, таза ауадағы ойындар, қимыл-қозғалыс жаттығулары, мәдени-танымдық іс-шаралар және балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстар енгізілгені айтылды.

**Қаулы:**

Жазғы сауықтыру жоспары бекітілсін. Жоспарға сәйкес сауықтыру іс-шаралары жүйелі түрде жүргізілсін. Балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінсін.

#### **6-мәселе. Тәрбиешілердің жылдық есептерін тыңдау**

**Тындалды:**

Тәрбиешілер оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстары бойынша жылдық есептерін ұсынды. Балалардың даму көрсеткіштері, ата-аналармен жұмыс, өткізілген іс-шаралар және оқу жылындағы жетістіктері туралы ақпарат берілді.

**Қаулы:**

Тәрбиешілердің жылдық есептері назарға алынсын. Алдағы оқу жылында оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

#### **7-мәселе. Әдіскердің жылдық есебін тыңдау**

**Тындалды:**

Әдіскер оқу жылында атқарылған әдістемелік жұмыстар бойынша жылдық есебін берді. Педагогтерге әдістемелік көмек көрсету, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру және құжаттамаларды жүргізу бағытындағы жұмыстар қорытындыланды.

Қаулы:

Әдіскердің жылдық есебі қабылданын. Келесі оқу жылында педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және әдістемелік қолдауды жетілдіру жұмыстары жалғастырылсын.

#### 8-мәселе. Педагогикалық кеңестің шешімі

Педагогикалық кеңес отырысында қаралған мәселелер бойынша төмендегідей шешім қабылданды:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы бақылауға алынсын.
2. Қорытынды мониторинг нәтижелері талданып, келесі оқу жылындағы жұмыс барысында ескерілсін.
3. Балалардың мектепке дайындығы бойынша жүргізілген жұмыстар қорытындылансын.
4. Жазғы оқу кестесі мен күн тәртібі бекітіліп, педагогтерге таныстырылсын.
5. Жазғы сауықтыру жоспары бекітілсін және жоспарға сәйкес жұмыстар ұйымдастырылсын.
6. Тәрбиешілердің жылдық есептері қабылданын.
7. Әдіскердің жылдық есебі қабылданын.
8. Педагогтерге жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету тапсырылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:  Мынжасарова Г.

Хатшы:  Альжанова А.